



№9 (9999)
30 қаңтар
сейсенбі
2024 жыл

Жалдағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Өңір жаңалықтары

Өнертапқыш Азамат

Қызылордалық жас өнертапқыш Азамат Ибрагим зағип жандарға арналған «Janaum AI» мобильді қосымшасын жасап шығарды. Жерлесіміздің бұл жобасы облыстық «Smart city Kyzylorda» IT жобалар байқауында «Әзірлеу бағыты» бойынша 3 орынға лайықты деп танылды.



– Мобильді қосымша арқылы тұрғындар волонтерге видеоқоңырау, ақылды камера, инклюзия академиясы, инклюзивті қоғамдастық сынды бірегей функцияларға ие болады. Үлкен волонтерлік жүйені қалыптастыруда еріктілерді ынталандыру жолы қарастырылған. Бұл мақсатта бонустық жүйе ойластырылған, – деді ол.

Жобаның интерактивті, сандық прототипі дайындалды. Алдағы уақытта аталған жобаның техникалық әзірлеу сатысы дайындалады. Сол арқылы ерекше жандар үшін қолайлы әлеуметтік орта жасау ойластырылған.

– Осылайша жоба инклюзивті, цифрлық бағытта өз жұмысын жүргізеді. Жоғары жылдамдықты интернет, GPS, камерамен жабдықталған смартфон және «Janaum AI» қосымшасы арқылы зағиптар күнделікті тұрмыста кездескен тосқауылдар мен қиындықтарды оп-оңай шеше алады. Атап айтқасқ, жолда адасқан зағип жан қосымшаны ашып, камераны айналаға бағдарлайды. Ал оған өңгізілген жасанды интеллект алдындағы тосқауылдар мен жол жүру белгілерін анықтап, қолданушыға ауысуша хабарлайды. «Карта-навигатор» цифрлық сервисі жол сілтейді, – дейді автор.

Жасанды интеллектіні қазақша сөйлетті

Қазақ GPT деп аталатын жоба шетелдік сарапшылардың да қызығушылығын тудырып отыр. Ауыл өренінің цифрлық технологиядағы тың идеясы бірнеше байқауда дара шыққан. Көне дәуірдегі қазақ даласы, жасанды интеллект осындай есте жоқ ескі заманның кескінін көз алдына әкеледі. Ең бастысы, кез келген қазақ тіліндегі сауалға жауап алуға болады. Оқушы Асылжан Абдуллаев жасаған жобаның артықшылығы осы.



Бұл бағдарламаны телефон қосымшаларынан пайдалануға болады. 16 жастағы жасөспірімнің идеясы шетелдік мамандардың қызығушылығын тудырған.

– Рендел Брюнс деген Қазақстандағы АҚШ-тың стратегиялық әдвайзері бар. Сол кісінің алдында «Қазақ GPT-ті» қорғаған болатынмын. Оң пікір берді. Одан бөлек менің ең биік жетістіктерімнің бірі – жобалардың жаңашылдығы, қайталанбас жетістік, – деді оқушы.

Өнертапқыш Тереңөзек кентіндегі мектепте оқиды. Оның компьютерді терең меңгеруге деген қызығушылығы 5 жасынан басталған.

Телеарна мәліметінше, жасанды интеллект бұйрықты бұлжытпай орындайды. Сурет салады, дыбыстап жауап береді, мәтін жазып, есеп те шығарады. Жоба бірнеше республикалық, халықаралық байқауларда үздік атынып, Асылжан Абдуллаев Астана IT университетінің грантын жеңіп алған. Қазір бұл бағдарламаның 2 мыңнан аса қолданушысы бар. Ал оқушының ендігі арманы – Кореяның Сеултех университетінің грантына ие болып, цифрлық технологиядағы ізденісін тереңдетте түсу.

«ЖЖ» ақпарат



Қазақ даласының тұшарлары

Бақылау

Сырдария – өлкенің өзегі



Жылда арнасының тасу қаупі бар Сырдария өзені облыс әкімінің жіті бақылауында. Жексенбіде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария өзеніндегі су деңгейін тікұшақтан бақылап, дайындық жұмыстарымен танысты. Мамандардың айтуынша, қазір Шиели ауданы Қарғалы елді мекенінен 7 шақырым төмен «Таштоп» учаскесіне дейінгі Сырдария өзенінің иіңдерінде мұз ұстақан. «Төменарық» су бекетінде күр жүрде. Еске салсақ, облыс аумағында 29 ықтимал су басу аймағы анықталған. Бұл аймақтарға қала және аудан әкімдіктері 364 арнайы техника және 1 102 адам күші бар 116 жауапты мекемені бекітті. «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес 1 тікұшақ дайындыққа көлтірілген. Биылға мұз жаруға және қап алуға облыс бюджетінен 14,8 млн теңге бөлінді.

Қала және аудан әкімдіктерінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, су тасқынына қарсы пайдаланылатын материалдық-техникалық қорда 117,9 тонна жанармай және 139 902 қап сақтаулы. Сондай-ақ 17 710 бау қамыс, 5 865 пашын және 2 381 қарабура мен т.б. қажетті материалдар қоры жасақталған. Қажет болған жағдайда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін 59 жинақтау және 69 қабылдау эвакуациялық пункт дайын. Аймақ басшысы өзендегі жағдайды тұрақты бақылауда ұстап, тиісті дайындық жұмыстарын уақытылы қолға алуды тапсырды.

Сырдария туралы дерек

Бастауын Қырғызстан мемлекетінен алатын Сырдария бассейні Өзбекстанның бірнеше облыстарын кесіп өтіп, Түркістан, Қызылорда өңіріне жетіп жығылады. Яғни Тянь-Шань сілемдерінен Арал теңізіне дейінгі аумақты қамтиды. Өзеннің жалпы ұзындығы – 2219 шақырым, су жинайтын алабы 462 мың шаршы шақырым, бастауын тау деңгейінен жоғары 3300-4400 м биіктікте жатқан таулы өңірден алады. Алабында өзен суын толықтырушы, жалпы ауданы 2208 шаршы шақырым болатын 1713 мұздық бар.

Қазақстан жеріндегі, яғни Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары алабы негізінен құмды келеді.

Қызылқұмның солтүстік және Арал Қарақұмның оңтүстігімен ағады. Сырдарияның 130-ға жуық саласы бар, Қазақстандағы ірілері – Келес, Құркелес, Арыс және т.б.

Сырдария негізінен қар және аздап мұздық, жауын-шашын суымен толысады. Жылдық ағынының 20,7 пайызы көктемде, 47,3 пайызы жазда-күзде, 32 пайызы қыста өтеді. Деңгейі сәуір айынан көтеріле бастайды, маусым-шілде айларында ең жоғары шегіне жетеді. Содан кейін суы азая түседі. Жылдық орташа су мөлшері Қызылорда қаласының тұсында арнасымен секундына 673 м³, сағасына таяу жерде, яғни Қазалы қаласы тұсында 446 м³ су өтеді. Өзен Түркістан қаласына дейін желтоқсаннан бастап қатып, наурыздың аяқ кезінде мұз ери бастайды. Мұзының қалыңдығы ақпан-наурыз айларында 66-68 см-ге жетеді.

Тарих не дейді?

Ежелгі дәуірден бері Сырдария өзенінің атауы сан мәрте өзгерген. Жазба деректер бойынша біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда ол скиф тілінде «Силис», А.Македонскийдің жауынгерлері «Танаид» деп те атаған. Бұл атау скифтердің «дон-өзенінің» сөзбесөз атауы еді. «Силис» атауы туралы С.Т.Кляшторный мынадай пікір айтады. Мәлімет бойынша XIX ғасырдың ортасында Сырдария атырауында 3

мыңға жуық көл болғаны айтылды. Сырдария бойы ежелгі заманнан бері халық тығыз қоныстанған, суармалы егіншілік кеңінен дамыған мәдениет ошақтарының бірі болып табылады.

Көне грек жазбаларында Сырдария өзені «Яксарт» деп аталған. Ал Әл-Беруни кезеңіне дейін «Хасарт» делінсе, Орта Азияға арабтардың келуімен «Сейхун» деп аталған. Сыр бойын алғаш зерттеген орыс саяхатшылары Д.Гладишев және И.Муравиннің жазба есептерінде Сырдария деп жазылған. 1880-1890 жылдары аралығындағы газет тігіндерінде Сырдария өзені туралы деректерден Сыр бойы, әсіресе Ақмешіт өңірі көп өзгерістерге түскені байқалады.

Өзен арнасын алғашында оңтүстік-батысқа, кейін солтүстік-батысқа қарай өзгерген. Оның ескі арналары 1831 жылғы карта бойынша бүгінгі арнасы мен Іңқардария арнасын құрап, Арал теңізіне барып құйғанын, Сырдария және Жаңадария аңғарларының жалғасы Арал теңізінің астында қалғанын ғалымдар деректермен дәлелдеп тұжырымдаған.

Бұл тұжырымдар бойынша Сырдарияның ең алғашқы арналарының бірі – Іңқардария. Бұл өзен бүгінде құммен көміліп қалған, су келетін тармақтарының ізі білінер-білінбес. Академик С.Толстойның зерттеулерінде Сырдарияның төменгі ағысында суармалы жердің бүгінгіден төрт есе көп болғаны

айтылады.

XVIII-XIX ғасырда және 20 ғасырдың орта кезінде Сырдария өзенінде су тасу жиі болған. Бізге жеткен деректер өзен суының 1879, 1889, 1903, 1907, 1908, 1921, 1922, 1925, 1950, 1960 жылдары қатты тасығанын дәлелдейді. Бұл құбылыс 2003-2004 жылдардың көктемінде қайталанды. Өзенді зерттеушілердің бірі Н.А.Северцев 1859 жылы Сырдария өзенінің Қазалы қаласының тұсындағы өнінің 100-200 сажан болғанын, сондай-ақ 1857 жылы Жаңадария өзеніндегі қатты ағысты көргенін жазады. Ол жылдар Сырдария өзенінен тартылған 600-дей арық болған.

1958 жылы Жаңадария, 1961 жылы Қуандарияның арнасымен су аққан. Бүгінде ізі сақталған Аламесек, Жамандария сияқты өзен-көлдер бойымен XIX ғасырда шағын кемелер жүзген. Бүгінгі Сырдария аңғарын реттеп, сулы егістік пен шабындықтарды суаруға және суландыруға тиімді пайдалану үшін өзен бойында бірнеше бөген мен канал салынған. Өзен суының кейінгі 20-30 жыл ішінде қарқынды игерілуіне байланысты 1975-1980 жылдардан бастап Сырдария Арал теңізіне жетпей тартылып қалатын болды. Қазіргі уақытта Сырдария өзені алабының суын мемлекетаралық бөлу халықаралық үйлестіруші су шаруашылық комиссиясының бақылауымен жүргізіледі.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Бәрекеді!

Балғын бишілер жеңісі

Аудандағы «Өнер» мектебін тілге тиек етсек, ойымызға ең алдымен Айбарша Бекбайқызы жетекшілік ететін «Art Action» биі тобы түседі. Олай дейтініміз себеп те жоқ емес. Талабы мен таланты ұшсақан өнерпаздарды тәрбиелегеніне көп болмаса да, бағындырған белесі биік ұстаздың кіші тобы кеше Қызылорда қаласында өткен «Talent show» республикалық балалар шығармашылығы фестивалінен бас жүлдемен оралды. Осы сәтті пайдаланып, балғын бишілер мен жетекшіні жеңісімен құттықтау үшін бүгін арнайы өнер ордасына бардық.



Сүйінші хабарды естіп, аталған мекеменің есігінен енгеніміз сол еді, жаңашылдыққа жаны құмар Айбарша Үсейін «Art Action» үлкен тобымен жаңа биге дайындық жүргізіп жатыр екен. Жетекшінің қандай биге дайындалып жатқанын жасырғанына қарап, «Art Action» биі тобының бұл ішіндегі алда үлкен жарыс күтіп тұрғанын аңғардық. Айбаршаның айтуынша, әр бидің өзінің жүлде алатын жарысы болады екен. Сол үшін ол кез келген биді қойғанда оның жүлде алатын жарысын күтеді. Мәселен,

кеше Қызылорда қаласында «АРТ ЭМПАЙР» балалар филармониясы, ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК ұйымдастыруымен өткен байқауға қатысуға оларға осы айдың басында ұсыныс түскен. Шәкірттерінің бұл байқауда жеңіске жететініне толық сенім білдірген ол жарысқа былтыр қазан айынан бастап дайындалған «Устроеном танцы» биін апарған.

– Бізде «Устроеном танцы» биі әзірге балалар арасында жоқ. Көбіне халық

биі, қойылымдық би, заманауи билер кеңінен тараған. Бишілер арасында 5 жастағы қыздар болғандықтан, бұл биді жас ерекшеліктеріне қарап таңдап алдым. Би барысында бишілер бастапқыда екі тарапқа бөлініп, бір-біріне қарсылас болады, артында ауызбіршілікпен барлығымыз бірге биді құрайық деп алып шығады. Алғашқы үлкен сахнада билеген би болсын деген ниетпен осыны таңдап алдым. Дайындық барысында бидің әр элементіне жеке-жеке тоқталып, денені қалай

ұстау керек, аяқ қалай тұру керектігі түсіндіріледі. Көгерменге шынайы әсер сыйлау үшін бір бидің өзі бірнеше ай дайындықты қажет етеді. Әр бидің өзіндік мағынасы, сюжеті мен аяқталуы болады. Сондықтан би шығаруға атүсті қарамай, көрерменге жаңаша көзқараспен жеткізуге тырысамыз, – дейді үйірме жетекшісі Айбарша Үсейін.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Сайлау – оң өзгерістерге нық қадам

Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының 2005 жылғы қыркүйек айында Будапешт қаласында өткен Бас конференциясында жыл сайын ақпан айының алғашқы бейсенбісі кәсіби мереке ретінде Дүниежүзілік сайлау күні болып белгіленген. Бұл шешім БҰҰ-мен қолдау тапқан. Дүниежүзілік сайлау күнінің белгіленуінің басты мақсаты – азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау процестерін жақсарту проблемасына көпшіліктің назарын аудару. Биыл Дүниежүзілік сайлау күні 1 ақпанға сәйкес келіп отыр.



Қазір кез келген елдің саяси өмірінде сайлау маңызды рөл атқарады. Тіпті тұтас мемлекеттің болашағы саяси науқанға байланысты екені жасырын емес. Сондықтан әрбір мемлекет өзінің Ата заңында оны жүзеге асырудың ережелері мен нормаларына ерекше басымдық береді. Ал сайлау ең әуелі қайда және қандай мақсатпен қолға алынды? Бұл сауалдардың түйінін тарқату үшін тарихқа сәл шегініс жасайық...

Жалпы сайлау жүйесінің тарихына көз жүгіртсек, ежелгі Грекияда елдің негізгі мәселелерін «халық жиналысында» дауыс беру арқылы шешу тәжірибесі болған. Оған қатысатындар күні бұрын ақ жамылғы киіп жүрген. Ақ түс дауыс беруге қатысатын адамның ниетінің түзулігін білдірсе керек.

Еуропа елдеріне де сайлау жүйесі ықпалы замандарда енген деген дерек бар. Мәселен, Францияда 1302 жылы, Англияда 1265 жылы халық жиындарында сайлаудың алғашқы нышандары байқалған.

Ал бізде ше? Біздің елімізде де сайлау жүйесі көне замандарда халық жиындары түрінде қолданылған. Мәселен, Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғы» сондай жиындарда халықтың талқылауынан өтіп барып қабылданған. Сондай-ақ билердің, жүздердің, ру-тайпалардың өкілдерінің қатысуымен болған сайлаулар бізде өз таңдауынды жасауға мүмкіндік берілгенін аңғартады.

Тарихи деректерге жүгінсек, қазақ даласындағы хан сайлауы тарихи маңызға ие сайлау жүйесінің алғашқы сәттері болған. Қазақ ақ киізге хан көтерген адамын сайлау мақсатында әр рудың игі жақсыларының басын қосып, дауыс жинау үшін бірнеше күн пікірталасқа құрылған халық жиындарын ұйымдастырған.

Ресей патшалығына өткеннен кейін бірінші рет 1822 жылы қазақ даласындағы хандық жүйені жоюға негізделген Сібір казактары туралы жарғы қабылданды. Ол құжатта аға сұлтандарды, болыстарды сайлау ережелері бекітілген. Аға сұлтандарды болыстар сайлаған, ал болыстар елубасылардың дауыс басымдығымен тағайындалған. Елубасы 50 үйдің атынан сөйлейтін ықпалы беделді адам болған.

Қарап отырсақ, қазақ даласында сайлау жүйесінің тәжірибесі жақсы қалыптасқан. Мәселен, «Алаш» партиясы көзінде Ресей империясында сайлауға қатысқан 60 партияның қатарында сайлаушылардың көпшілік дауысын жинау арқылы сегізінші орын алған «Алаш» партиясының 43 өкілі Думаға алынғаны туралы тарихи деректер қазақ даласында көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар саясатқа белсене қатысқанын көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің сайлау жүйесінің нормативтік базасы елдің демократиялық ұстанымдары, ұлттың тарихи құндылықтары және өлеңдік тәжірибелерді негізге алады. Өлеңде сайлау жүйесі бір-бірінен айнымай ұқсайтын екі елді кезіктіре алмайсыз. Себебі сайлау жүйесі сол елдің жергілікті ұлтының менталитетіне негізделіп жасалатын саяси-қоғамдық, тарихи-мәдени астары нәзік мәселе. Сарапшылардың бұл сөзі орынды. Қазақстандағы сайлау жүйесін қалыптастыруға ықпал етуші екі құжат бар. Біріншісі 1975 жылы Хельсинки қаласында қабылданған Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қорытынды актісі, ал екіншісі Еуропа елдеріне арналып қабылданған Париж хартиясы екен.

Елімізде 1995 жылы қабылданған сайлау туралы заңнамаға осы жылдар ішінде 780 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Елімізде Орталық сайлау комиссиясы, аумақтық сайлау комиссиялары, округтік сайлау комиссиялары мен учаскелік сайлау комиссиясы маңызды науқандарды жоғары деңгейде өткізіп келеді.

Шын мәнінде, отандық сайлау жүйесі демократиялық принципке сай ашық әрі заң шеңберінде өткізіліп өледі. Бұл ретте саяси өзгерістер сайлаудан бастау алады.

Бұрын елімізде халық тек Президент және Парламент депутаттарының сайлауына қатысса, ауыл қала берді аудан өкімдерін тікелей сайлауға мүмкіндік алды.

Жалпы әрбір сайлаушы саяси науқандарға бейжай қарамау керек. Себебі бұл мемлекеттің, өңірлердің, ауылдардың жарқын болашағында сайлау маңызды рөл атқарады. Сондықтан сайлаудың ел болашағындағы рөлін толық түсінгенде ғана оң өзгерістер орын алады.

Соның 3 жылда біздің сайлау жүйемізге өлеңнің озық тәжірибесіне сүйене отырып, оң өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, 2021 жылдан бастап ауылдық деңгейдегі өкімдердің тікелей сайлау жүйесі енгізіліп, сол уақыттан бері ауданда 15 ауыл және көп өкімдерін халық тікелей сайлады.

Тағы бір өзгеріс – комиссия мүшелерін кәсібилендіру. Аудандық сайлау комиссиясының 3 мүшесі өз міндеттерін тұрақты кәсіби негізде атақара бастады. Бұл өзгерістердің негізгі себебі – еліміздегі сайлау процестерінің тұрақты әрі үзіліссіз жүргізілуі және қос тараптың жауапкершілігін едәуір күшейтті.

Межеленген міндеттер мерзімінде, өзекті мәселелер өз уақытында орындалады. Әрбір сайлау комиссиясы сайлау процестерін заң аясында және ашықтық қағидатына сай өткізуге әрдайым мүдделі.

Шарабан ҚАЛЫБАЕВ,
Жалағаш ауданы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Аудан жаңалықтары



Атқарылған жұмыстар сараланды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте аудан әкімінің тапсырмасымен ауылдық округ әкімі аппаратында мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін орындауы, қызметтік құжаттардың қаралуы мен өтуі, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау, құқықтық актілерді қабылдау, құжат айналым жүйелерімен жұмыс жасау, хаттамалық тапсырмалардың орындалуы, азаматтардың әскери қызметке шақыртылуы, мемлекеттік қызмет көрсетуді зерделеу мақсатында 2024 жылғы 8 қаңтардағы №14 өкімімен құрылған жұмыс тобының зерделеу жұмыстарының нәтижесі тыңдалды.

Бұл ретте Ардақ Әбдіғалпаұлы ауылдық округ әкімдеріне орын алған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарды 1 ай мерзімде қалпына келтіріп, аудан әкімі аппаратына жазбаша ақпарат жолдауды тапсырды. Қалпына келтірілген кемшіліктерді зерделеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 2 айдан кейін жұмыс тобының қайтадан ауылдық округтерге шығуын қамтамасыз етілетін болады. Жойылған кемшіліктерді тексеру барысында тағы да кемшіліктер анықталса, өкімдерге де жауапты мамандарға да тиісті шешімдер қабылданады.

Аудан әкімінің орынбасарлары жетекшілік ететін ауылдық округтерге бақылау күшейтіледі. Аталған кемшіліктердің мерзімінде жойылуы қауіпсіздік келтірілуі қамтамасыз етіледі. Алдағы уақытта жұмыс тобы Жалағаш кенті әкімі аппараты мен дербес бөлімдерге де зерделеу жұмыстарын жүргізеді.

Балғын бишілер жеңісі

Аталған жарысқа қатысқан кіші топ өнер мектебінде 2022-2023 оқу жылынан бастап білім алып жатыр. Қазіргі таңда олар 2 сыныпта оқиды. Айбаршаның айтуынша, бишілер 1 сыныпта ешқандай жарысқа қатыспайды. Ол жылы тек баланың дене бітімін қалыптастыруға күш салады. Ал 2 сыныптан бастап оларды концерт пен жарыстарға қатыстыра бастайды екен. Бұл кіші топтың алғаш қатысқан концерті өкім шыршасы болса, алғаш өнер көрсеткен додасы – республикалық «Talent show» фестивалі.

Бұл сайыста кіші топтар жас ерекшеліктеріне қарай III топқа бөлінген. Яғни 3 пен 6 жас, 5 пен 8 жас, 7 мен 9 жас аралығында 12 команда қатысып, III бас жүлде табысталған. 5 пен 8 жас аралығындағы бүлдіршіндер арасынан бас жүлдені иеленген «Art Action» би тобында 27 бала өнер көрсеткен.

Балғын бишілерге «Қорқыт ата» атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Хореография» кафедрасының меңгерушісі, доцент, жоғары дәрежелі педагог-хореограф Г.Мұрзабаева мен Алматы қаласындағы «Мақпал» үлгілі хореографиялық ансамблінің жетекшісі, халықаралық хореографиялық байқаулардың жеңімпазы А.Қайырбек, «Арт Эмпайр» балалар филармониясының директоры Б.Арыстанбеков тәрелік еткен.

– Бала күнінен биге деген қызығушылығым өте жоғары болды. Сөйтіп бірде анама өзімнің биге қатысқым келетінін айтып, Айбарша апайдың тобына қосылдым. Мен әр сабақты асыға күтсемін. Себебі Айбарша Бекбайқызы сабақты қызықты әрі ерекше өткізеді. Осы байқауға қатысар алдында біздің «Art Action» командасының үлкен тобындағы өпкелерімиз бар ақылмын айтып, жарыстан жүлдемен оралуымызды, тобымыздың атына кір келтірмеуімізді тапсырды. Кіші топтың барлық қызы осы сайыста бас жүлдені иелену үшін бар күшін салып, күндіз-түні тыңғылықты дайындалды. Бізді қолдаған ата-анамыз бен достарымызға және Айбарша Бекбайқызына алғысымыз шексіз, – дейді кіші топ мүшесі Айша Бодыбай.

– Кез келген жарысқа барарда ең алдымен мені қолдайтын – ата-аналар. Олар қыздарының киімін табылады. Мәселен, кешегі сайыста олар дайындық барысында оқушыларды түгендеп, менің қызым, сенің қызың деп бөліп жармай бәрине бірдей қарап, барлығын киіндіріп, шаштарын дұрыстап көмектесті. 27 баланың барлығын бір уақытта дайындау кімге болса да оңай емес. Ата-аналарыма алғысым шексіз. Қазіргі таңда екі топты қосқанда 50-ге жуық шәкіртім бар. Алайда өлі де қатысқысы келетін бүлдіршіндер көп. Топтың ережесі мен бала санының толып қалуына байланысты кей ата-аналар балаларын қатыстыруға үлгермей реніш білдіріп жатады. Шама-шарқымызша біз барлығын қамтығымыз келеді. Алда үлкен жарыстар жок емес, нәтижесін уақыт көрсетер, – дейді Айбарша Бекбайқызы.

Бүгінде бірнеше түлекке 4 жыл білім беріп, талабын шыңдаған ол алғашқы шәкірттерінің қазір Қызылорда қаласында хореография мамандығы бойынша білім алып жатқанын айтады. Би өнерінде 2018 жылдан бастап аталған топқа жетекшілік етіп келе жатқан білікті маманнан білім алатын бүлдіршіндердің биік белестерді бағындыруы заңдылық. Мамандыққа адалдық деген осы шығар, сіре.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ
БАСЫ-1-БЕТТЕ.

Мәселе

Той тойлау дәстүр ме, әлде қалтаға кесір ме?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келді. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі» деген болатын. Ал біз қазір той тойлауды тыйып, ой қуалап, өрісімізді кеңейте алдық па? Өкінішке орай, баспананың жайын дұрыстамай, әлі де несиеге той тойлап, «жұрттан қалмайық» деген ұстаныммен өмір сүретін отбасылар баршылық...



Той – халықтың қазынасы, дәстүрімізде ойып тұрып алар орны да бар. Үлкендерден бата, халықтан алғыс алу керек. Бірақ дәстүрді толықтай өшірмей-ақ, «ұят болады» деген ойдан бергі емес, арғы бетін ойлауымыз тиіс. Тойдың шағын өткізіп, қазыналы қарттардың ақ батасын алса да жеткілікті. Несие алып, той тойлау оңай, өрине. Бірақ оны жылдап өтеу, артында сол жаңа құрылған отбасының пәтерден-пәтерге көшіп, жалдап тұруы қаншалықты дұрыс?

Тойдың мәнісі үлкендердің екі жасқа бақыт тілеп, болашақ жауапкершілігі мол үлкен өмірге қадам бастыруы емес пе? Ал біз не істеп жатырмыз, екі жастың отбасылық өмірін бастамай жатып, оларды қарызға батырамыз. Той бір күнде өтеді де кетеді. Ал біз он жыл бойы маңдай термен тапқан ақшамыздың бәрін тойға, одан қалды алған несиеге салып отырамыз. Жастардың отбасы құрудағы мақсаты осы ма еді?

Жарайды, несие алдық, той тойла-

дық, отбасы құрдық. Ел аузында жүретін той бір күнде өтті де кетті. Ал одан кейінгі өмір ше? Өзі даму үшін емес, бірнеше несие алып, оны бөлен есе төлеп, қарызға батудың қаншалықты қажеті бар?

Өрине бұл шығынды өтеу той иелеріне де, отбасын енді құрған жастарға да оңайға түспесі анық. Салдарынан қалыға та көбейеді. Жақында ғана әлеуметтік желіден бір жас жігіттің үйлену тойын өткізуі үшін ұрлық жасап, 1 млн теңге шығын келтіргені анықталып, ақыры полиция қызметкерлеріне ұсталғаны жайында оқып қалдым. Сонда той жасамау жұрттан ұят деп жүргенімізде қылмыс жасап ұятқа қалып жүргеніміз бе?

Одан бөлек қарызға кіріп жасалған тойдың шығынын жабамын деп отбасында болған ұрыстар да жиі кездеседі. Пәтерден-пәтерге көшіп, жалдамалы пәтерде тұрып, ақыр соңы ажырасып тынатын отбасылар да бар екен. Мәселен, ажырасып жатқан отбасылардың кейбірінен себебін сұра-

саң айтатыны сол «бірге тұруымыз қиындап кетті, пәтер жалдап тұруға әйелім шымдамады, несие төлеу үшін ұрыс көбейіп кетті». Расымен шыныға батып, шырылдап жүргеннен шүкіршілік айтып, шаттанып жүргенге не жетсін?

Қазіргі өмір салтында ретсіз шығын шығарып, тойды қаншалықты деңгейде тойлағаның емес, баспана алып, болашаққа нық қадам басуың маңызды. Жастардың сана-сезімін, рухани құндылықтарын тәрбиелеп, қанымызға сіңіп кеткен көзқарастан ада болатын уақыт жетті. Әрбір қазақстандықтың көкейінде жүрген сауал «баспана қымбат, қалай қылсам өз баспанамды аламын»? Бұл сауалға үлкен жауап сол тойды, тойға кетер шығынды азайту сияқты...

Елімізде баспана алуға арналған түрлі бағдарламалар ел игілігі үшін жолданду. Мәселен, «Отбасы банк» арқылы «Нұрлы жер», «Шаңырақ», «Бақытты Отбасы», «Әскери баспана», «Ұмай әйелдер ипотекасы», «7-

50-25», «Елорда Жастары», «Жасыл ипотека», «50/50», «30/70», сонымен қатар өзге банктер арқылы «7-20-25», «20/80», «50/50» деген секілді бағдарламалар бар. Тек дүркіреп той тойлап, пәтер жалдап көшіп-қонғанша тойға кеткен қаражатты осы бағдарламаға салып, баспана алып, Жиренше шешен айтпақшы, «өз үйің – өлең төсегің» болғанға не жетсін?


Менің айтпағым, қазір қоғамның той тойлауы мансаптың, дәреже мен абыройдың көрінісі болмауы керек. Заман өзгерсе де адами, рухани құндылықтарды жоғалтпауымыз, өзгертеміз тиіс. Қазіргінің жастары бар тапқан-таянғанын тойға беруге құлықсыз. Жастардың көзқарасы жаңарған, керісінше өз дамуына, баспаналарының реттелуіне жағдай жасайсы келеді. Шығынға қарай табысты емес, табысқа қарай шығынды жоспарлағанымыз абзал. Қазіргі заман қазіргі ғасыр бізден осыны талап етеді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Тарих

Рәзия Майлина: Әкем мені «қалқам» деуші еді

Бейімбет Майлин. Қазақтың көрнекті жазушысы. Атақты «Шұғаның белгісі» әңгімесінің авторы. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деген Бейімбет. Ол туралы Фаби Мүсіреповтің кезінде былай дегені бар-тың: «Біздің прозамыздағы реализм мен шыңына шыққан шеберлік өзгелердің бәрінен де бұрын Майлин есімімен берік байланысты. Ол – әрі төңдесі жоқ әңгімеші ретінде де, әрі прозадағы сүйікті шығармаларды жазушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз»



Ғабен бұл сөзін одан әрі былайша жалғастырады: «Әйтсе де мен оның жазушы тұлғасы үшін баға жетпес қымбат бір қасиетін айрықша айыра айтқым келеді. Ол – оның қарапайымдылығы, қолының кіршіксіздігі, жүрек лүпілінің қалтқысыз, қауысыз пәктігі, талантымен тең тізе қосқан еңбекқорлығы...». Осы таза, пақ азамат, нағыз халық жазушысы кешегі 1937 жылдары аяқ астынан «халық жауы» болып шыға келді. Оған адамның үш ұйықтаса түсіне кірмейтін «байшылы», «фашисты», «жауы» деген жапқан айта тағалды. Ақырында төрт айға жуық түрмеде азыптан, 1938 жылдың 26 ақпанында КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының оны ата-жарына кесу жөніндегі үкімі шықты. Үкім сол күні-ақ орындалды. Арада он тоғыз жыл өткеннен кейін ғана, яғни 1957 жылдың 20 сәуірінде жазушыны ата-жөнінде үкім шығарған КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасы «Масқарау мен жаңылыппыз» дегендей, істе қылмыстың құрамы болмауына байланысты 1938 жылы 26 ақпандағы үкімнің күшін жойып, Бейімбет Майлинді қайтыс болғаннан кейін ақтады. Бейімбет пен оның жайыбы Гүлжамал өмірге бес перзент өкелді. Олар – Әукең Рәзия, Мереке, Еділ, Гүлсім. Бұлар қазір өмірде жоқ. Бір теуба жазушының олардың немере шөберелері арасында жүр. Өткен ғасырдың тоқсаншы жылдарының басында бұрынғы Жезқазған облысына, қазір Қарағандыға қарайтын Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентінде тұратын Бейімбеттің үлкен қызы Рәзия аламыздың шаңырағында болып, зұлмат жылдары Биғаның қалай ұсталғаны жөнінде әңгімелескенбіз бар.

Жұл 1937 Жаңаарқа ауданының орталығына бара қалсаң, жүрекке жақын осы шаңыраққа қоспап кете алмайтынмын. Бұл үйде ісі қазаққа танылмас сөз зергері Биғаның – Бейімбет Майлиннің қызы Рәзия апа тұратынын білетіміз. Әрине жалғыз емес. Жанында отағасы Әбілқасым аға, балалары, балдай төтті немере-шөберелері бар. Жүзжасардай ауызға ілгітін тақырып – Биғаның өмірі. Рәзия апа әкесі туралы әңгіме айтаудан ештеңе жалқылайды. Төбегіне, толғана жүр шөртеді. Сөз арасында күрсінісі көп. Оның сыры өбден белгілі. Әңгіме айтқанда жанары үнемі жасасаурап тұратын еді. Егіле кетуге шүк қалатын.

Алдында отырған жан өмірінде рақаттанба бір күлмеген шығар деп ойлаймын. Оны айтасыз, үш-төрт сағатқа созылған осы соңғы диалогта сөзінде оның жүзінен күлкі тұйыт сәл-пәл жымияс та байқамызды. Қасірет, қорқыныш ұлаған жанар тіршілікте шаттық, қуаныш дейтін де ұғымдар барын мүлдем ұмыттырғандық. Алаңның әңгімесін өзін де жүрегің аш ұрмай, тыңмай, тірбеней тыңдай алмайсың. 1937 жылдың бірінші шат шадыман өмір жүзген отбасы аспанында аяқастынан қара бұл үйдісі. Бейімбеттей халық ұлына, халықтың жанашырына адам айтса нанғысыз «халық жауы» деген қара күйе жағылды. Сол уақытта жүрегі таза, адал дейтін азаматтардың өздері жалған қалаға араша түсе алмады. «Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын» деген Ғабиттің сөзіне де құлақ асаңнан пәнде болмады. Елдің басында ер қамын жөйткенді емес, армалар отырғанда шынайы, ақиқат сөзді қатып дауылдан кейін жұпал қалатын белгі сабақтарындай үш шықпайтын бейім жайт. Кесіріл саяттанғын өзгәрі бір адамды ғана емес, өз жазықсыз отбасының өзге де мүшелерін шаршды. Бейімбеттің жары Гүлжамалдың өзімен бек баланы шаңырақтан бездіріп, төңіреткенді олардың не кінесі бар еді? Қарғыс атқы қасіретті күндері ғой ол бір сәтте-ақ қара, тұнық лай болып шыға келді. Бұдан артық қорлау, азап бола ма екен? Ултың тіреңге, үмітте айналған жақсылар мен жаисандар титтей кінесі болмаса да темиртұрғын архағына қойдай тоғытылды. Содыр, қаныперзет саяттанғын кесіріл бұл – Әкемің тәрбиесінде он екі жасқа дейін болдым, – дейді халықтың адал перзенті Бейімбет Майлиннің қызы Рәзия Майлина – қарапайым еді. Үйден кісі армалытайын. Әсіресе Сәкен мен Ілияс ағаларды жиі көретінім. Үшеуі кабинетіне кездескенім. Сонда ол әңгіме арасында «Қазақтың арасында бағыр жігіттер болды ма?» деп сұрап еді. Мен Аманкелді Иманов жөнінде айттым. «Онда оны халыққа көңір таныту керек» дегендей ой айтты. Аманкелді туралы біраз деректер таптым. Соларды қағазға түсіріп отырғаным ғой. Таяуда Аманкелді туралы кино шығарды. Әкем айтқандай, кейін Аманкелді туралы фильм түсіріліп бітті. 1937 жылы қазанның бесі... Үйде үшеуіміз ғана. Ағам Әукең мен, інім Мереке. Дүкеңге барғаным. Сыртқы қабырғасында ағаша ілүлі тұр: «Ертең «Аманкелді» фильмі көрсетіледі. Сценарий авторы Бейімбет Майлин» деп жазылған. Қуанып, үйге жүгіріп келіп Әукең мен Мерекеге айтты: жатырмын «Апанмын киносы шықты» деп мәзірі. Ертеңіне, қазанның алтысы күні таңертең өкөм келді үйге. Жүдеп кетті. Сақал-мұртты өкөм. Мені құшақтап оқуымның жағдайын сұрады.

– Қалқам, мен шаршап келдім, – деді. – Демалыңыз. Жақсылар бір ұйықтайын. – Демалыңыз, папа. Мен ешқандай бармаймын. Үйде боламын, – дедім. Әукең мен Мереке ескі алдына шығып кетті. Біздің үйдегі дағды жазда саяжайда боламыз. Оқу басталар алдында ғана үйге қайтынымыз. Шешем осы уақытта баламен саяжайда еді. Кешке жақын өсіктей қонырау маза бермеді. Барып өсік аштым. Еңгезердей екі орыс тұр. Шамамен қырықтың үстінде. – Майлиннің пәтері ме? – Иә. – Папаң қайда? – Папам үйде жоқ. – Жогы қалай? – Маманың қасында. Саяжайда. – Алдама, – деп мені ысырып тастап кіріп келді. Олармен жағаласып папам жатқан бөлмеге мен де кірдім. – Азамат, Майлин. Тұрыңыз. Сіз тұтқындалдыңыз, – деді өкөуінің бірі. Мына сөзді естігенде өсімен танып қала жаздадым. Папаның өкі қолын көтеріпті қойды. Қалтасынан партиялық, паспорттың алды. – Қазір үйді тінтеміз, – деді өлгілердің бірі. – Біз – дүние-мүлікте көп жинамаған адамдармыз. Әкем ақшаны қасаға салатын. «Балаларым өсіп келе жатыр, оқытатын» дейтін. Оқытатын балаларының қатарына мені, Мерекені жатқызытын. Келгендер диванды, шафты ақтарды. Сасқанымнан бәра, үрейдің өсері ме далаға шығып Әукең мен Мерекені шақырып келдім. «Үйге жүріңдер, Папамды тұтқындап жатыр» дедім. Екеуі күстай ұшып жетті. Әлгі өкөуі папаның жұмыс кабинетіне кірді. Онда негізінен кітаптар бар. Екі-үш қабырғаны алып жатыр. Кітаптардан басқа мұнда диван бар. Жолдастары келгенде осында отыратын. Әлгілер кітаптарды шашып, ақтарып жатыр. Екі үл селтіліп тұр. Қанша дегенмен қызбын, екі мен бардым да папаның қасына отырдым. Екі орысқа бар орысыммен айтты жатырмын: – Неге папамды тұтқындап жатырсындар? Ол – жазушы. Ешкіме зияны жоқ. Таяуда ғана Аманкелді туралы кино түсірді. Аманкелді сіздердің Чапаевтарыңыз секілді, – деймін. – Үш күннен кейін папаңыз үйге қайтарыңыз, – деді. Жаңағы өкөуі жүк машинасын шақыртып. Кітаптарды, қолжазбаларды тиіп алып кетті. Содан кейін «черный ворон» шақыртып. Түсі қап-қара, кішкентай машинаны жұрт осылай атайтын. Әкемі көтерде бізбен қош айтысты. Әукеңге айтқанды: «Сен баланың үлкенісің. Алдымен аңды құт. Екінші мына бауырларыңа қамқор бол» деді. Басқамызды қара: «Сендерден сұрайтұмын бір-ақ нәрсе. Оқындар, оқындар, оқындар» деді үш рет қайталап. Сол жерде ботадай боздал қаба бердік. Пәтеріміз екінің қабаты еді. Балқона жүгірдік. Әкем төменге түскеннен кейін төбеге қарап біраз тұрды. Сол кеткеннен өкөмді көрген жоқпын. 1937 жылдың аяқ кезінде шешем өкөммен жолығуға барғанда папам айтты: «Гүлжамал, бір өтініш бар. Соны орында. Ұлдың аты үл ғой. Енділді келгенде екі кызымды ала келіші» деген өкөң «Жарайды» депті мамам. Шешем осыны айтты келгенде қатты қуандым. «Папам барамыз, Папамды көрмеңіз» деп шұтқандым. Ол кезде қаннен қалперсіз өсіп келе жатқан бала өйді ғой. Менің нешеде өкөмді алдында айттым. Мереке он бірде, Еділ алтында, кішкентай Гүлсім екі жаста ғана болатын. Тамағын алдық. Гүлсімді көтеріп бардық. Бір қазақ сақсыи шешем: «Күте тұрыңыз. Қазір жүздегіреміз» деді. Рас па, өтірік пе деймін. Жүрек алып ұшарды. «Шыныммен папамды көрме бе өкөң?» Бір уақытта сыртқы өсіктен Сәбит Мұқанов кірді. Бірден таныдым. Біздің үйге талай келген. Оның үстіне ол кісінің Арыстан деген баласымен бір класта оқығаным. Сәбит аға бізді көрмеген болып өтіп кетті. «Неге өйтті өкөң?» деймін ішімнен. Біз тұрмыз. Біраздан соң Сәбит келіп қалды. Елден кейін сақшы келіп: «Кездесу болмайтын болды» деді. Шешем өңіреп қоя берді. Оған мен қосылдым. Сәбитті көз жасымды көп өтіп үйге қайттық. 1938 жылы ақпанның аяқ кезі болуы керек. Шешем үйге жылап келді. Әкеммен кездесуге барған өкөң. Ұлысқа берметті. Қолында өкөмнің сұр жадағайы. Сол күздің палтыоны құшақтап өңіреп қоя бердім. «Папаның палтысы ғой. Өзі қайда?» деймін. «Жетім болдыңдар. Енді папаларың жоқ» деді шешем. Шайқалған шаңырақ.

Бейімбеттің ақталғаны туралы анықтама бір сәт ойға шомған Рәзия апа сәлден кейін әңгімесін қайта жалғастырды: – Бұдан кейінгі азыбымызды тірі адамның басына бермесін. Көп ұзамай жылы уағымыз – баспанамыздан қуып шықты. Себебі: «Халық жауының» отбасы бұл үйде тұраға болмады. Содан басқа бір үйді паналалдық. Оның бір бөлмесінде біз, тағы бір бөлмесінде Жансүгірөтердің отбасы тұрды. Ас бөлмесіміз ортақ. Жағдайымыз мүшкіл. Нан апаратын да ақша жоқ. Үйіміден бұрын кісі құрғамаса, өнді бір адам кіріп шықпайды. Қүн көру қиын болғасын көзім қимаса да папамнан қалған кітаптарды сатып, үйге аз-маз ақша өкөлетін болдым. Шаңырақтағы бас көтерер өкім болып қалдым. Шешем бұрын қара жұмыс істемеген адам. Әкесінің арқасында ерке болып өсіп еді. Өзінің үсті-басына қарайды. Басқа шаруаға араласа қоймайды. Әкем тұтқындалғаннан кейін өсеңіреп қалды. Күлкі-қуаныш қашқан. Өбден жүдеп кетті. Түнереді де жүреді. Әукең елдің іші ғой деп Қостанайға кеткен. Бірақ төрт айдан кейін тұрмеге жауыпты. «Халық жауының» баласы деп әлдекілерді сырттай көрсетті. Наурыздың іші. Көшеден сұт алуға бардым. Алдыма қарасам, Ғабит Мүсірепов ағаның машинасы келеді өкөң. Мені көрмеген болып ары қараймын. Машина тоқтады да «Ой, сары қыз, беріп кел» деді. Әкеммен құралыптас кісілер мені «сары қыз» дейтін. Басқа бауырларыма қарағанда етім тірлігі болды.

Үйге біреу телефон соқса жауап беретін мен. Ескі қақса ашатын мен Сәбитті «танымал» болдым. Ғабеннің қасына бардым. «Халдерің қалай?» деді. «Бізде не хал болатын еді» деп өкі кезге өкір бердім. – Жылма, – деді. – Мен бәрін де түсінемін. Қазір заман қиын болып тұр. Гүлжамалға сөлем айт. Өзің кешке үйге келіп кет. Ешкім көрмесін. Бар жайды шешемге баяндадым. Кеш болысымен трамвайға отырып Ғабит ағаның үйін бетке алдым. Подъезден кіре беріп өдім, жоғарыдан біреу түсіп келеді өкөң. Бағанағы «ешкім көрмесін» дегені бар. Ауызда күл-қоқыс төгетін ыдыс бар өкөң. Соған кіріп кеттім. Әлгі адам өсіктен уағызғана сонда жаттым. Ескі алдында Қүсіні алап тосып тұр өкөң. Құшақтап жатыр. – Айналайын, Гүлжамалға сөлем айт. Бара алмаймыз. Ғабит те бүгін бе, ертең деп отыр, – деді. Қолыма пакет берді: – Мынаны мамана тапсыр. Әлгіні қойыма тығып үйге де жеттім-ау өйтпей. Үйге келгенің пакетті ашсам бір бума ақша. Көп ақша. Оны алып шешем өкөңіңде қоя берді. Сәуірдің он үшінде шешемді тұтқындады. Тағы да өкі орыс келді. Бір милиция киімін киген өкөң. – Сіз – халық жауының әйелісіз. Тұтқындалдыңыз. – Балаларым қайда болады? – деді шешем. – Онда жұмысыңыз болмасын. Оның алдында ғана шешемнен жауап алғанынан хабардар өдік. «Бейімбетпен жиырма жыл бірге болдым. Он жетімде қосылдым. Осы жиырма жылда маңдайымнан шерткен емес. Қатты сөз айтты көрген жоқ. Бейімбет сұра түссе сұра, отқа түссе отқа түсемін. Ол қайда жүрсе мен де сонда боламын» депті. Жауап алғандар «бұл әйел күйеуінің сөзін сөйледі» деп тұтқындауға шешім қабылдаған. Мен, Мереке, Еділ үшеуіміз бір балалар үйінде болдық. Гүлсімді кішкентай балалар тұратын Алматыдағы №3-сөбілер үйіне алып кетті. Бір күні төрбешінен үшеуімізді үш жердегі – Қарағанды, Семей, Оралдағы балалар үйіне бөліп жіберейін деп жатқанын естідім. Рас өкөң. Балалар үйінің басшысы қазақ кісі еді. Басымызда кешкен жайттың бірін ақтарып салдым. Түсінің мол өкөң. Ақырында сөзіме құлақ асып үшеуімізді Семейге жіберуге келісті. Еділ Семейде мектепке дейінгі, Мереке өкөмнің бір балалар үйінде болдық. Демалыс күндері үшеуіміз де кездесіп тұрдық. 1940 жылдың күзінде бізді балалар үйінен шығарып жіберді. Айтатындары: «Сендер «халық жауының» балалары өкөңіңдер. Кейін білдік» дейді. Баратын жеріміздің көк өкөңің жалынып-жалбарынып айттып көріп өдім, ешкім де тындамады. Қаланы аралап жүріп осында ФЗУ барын естідік. Оқу мерзімі бір жыл. Директоры мың болыр жан өкөң. жатақханасына орналастырды. Бауырларыма келсем, Әукең 1939 жылы бізді іздеп балалар үйіне келді. Жұмыс істеді. Сол жылы әскерге шақырылды. Содан оралған жоқ. Мереке 1943 жылы соғысқа аттанды. Еділ жанында. Гүлсімнің Талдықорғанда өкөңің білдік. Бір қуаныштысы, маманнан қап алып қуанып қалдық. Хаттың сыртында Қарағанды, Жарық станциясы, Батық деген жазулар болатын. Мен оқуды төмдедімнен кейін Қарағандының үн комбинатына жолдамға алдым. Ондағы мақсат шешемге жақындау болатын. Мен Қарағандыға ауысқан кезде бір-екі күннен кейін мамам Семейге келіп, бізді іздепті. Қарлаптағылар Семейдің ет комбинатына ет өткізеді өкөң. Мамам бізге бала әдейі сұраныпты. Жолда көк тіліп өкі ай жүрген. Соншама жерден сағынып жетсе біз жоқпыз. Өкініштен өзегі тала жаздайды. Көшеге шыкса бір шалды көрді. Қасында ол бір-он өкөңді қыз бала бар өкөң. Көзіне мен елестегенім бе алғи қалды құшақтап, сүйре беріпті. «Балаларыма» деп оны көзіне жатқан сый-сипатын соларға беріп кетті. Қарағандыға табан тірегемімен шешеммен қауышу оңай болмады – деді Рәзия апа ауыр күрсініп.

– Соғыстың уақыты. Отан үшін арпалыс жүріп жатты. 1943 жыл. Қайтсем де мамана бар керек деген мақсат қойдым. Семенов деген комбинат директоры бар еді. Жағдайымды айттым. Жарық станциясына дейін билет тауып беруін өтіндім. Тауып бере алмады. Соғыс кезі. Жолаушылар пойызын кестеден алып тастаған. Зертханалар отырғаным. Жасы елудің о жақ, бұ жағындағы қазақ кісі кіріп келді. Үстінде шапан. Басында малқай. – Әй, балақай, қағаз жазып берші. Бір вагон үн алдым. Жарыққа жеткізім керек, – деді. Жарық дегенде құлағым өлең ете қалды. – Шын айттып тұрсыз ба? Жарық станциясы ма? – Иә, жарық станциясы... Тездет. Жолдан қаламын... Ал келіп жабысайын. – Ағатай, осы жолыңызды маған беріңізші. Бір вагон ұныңызды мен-ақ апарайын. Ол аң-таң. – Не деп тұрсыз өзің. Есің дұрыс па? – Есім дұрыс. Сөніңіз. Шашуы шықпайды. Басыммен жауып беремін. – Қой, шығарым. Мен де басыммен жауап беремін. Үлкен кісіге өмірімді, бастан кешкендерімді, сөзімді бөлмей төгіле ақтардым. Обалы неміс, сөзімді бөлмей құлақ қоя тыңдады. – Анамды көрмегені алты жыл болды. Сіздің де мендей қызыңыз бар шығар. Ақ созылыңызды маған беріңіз. – Қарағым-ай, қайтсем өкөң... Мені де қиындаң-ау. Өзің жап-жас қызысың. Бір пәлеге ұрынып қаларсың. Бұзақылар көп. Жарыққа

бір күнде жете алмайсың. Түпкіте тұрасың... – Отан алаңдадыңыз. Тұрма-тұрма. Сөздің тұяғын айтсаң, ол кісі ақыры келісімін берді. Жүректен жарып шыққан алғысымды айттым. Жөн сұрап өдім. «Жаңаарқалықпын. Аңшы Мұхамеджан деген боламын» дегеннен басқа артық ләм дегенді. Құжаттарды қайта толтырып, басылықтан ұлысқа алып жолға шықтым. Қазір Қарағанды мен Жарықтың арасы пойызбен бір-екі сағаттық қана жер. Ол кезде өкі күн дегенде өрөң жеткенім. Жарыққа қонып, ертеңіне Батыққа бардым. Шешем Кулка деген жерде өкөң. Батықта балалар үйінде бірге болған таныс қыз кездесе кетті. Соның үйінде болдым. Ес жидым. Бір орыс шалдың арбасымен көшілік Қулкаға жеттім. Арбадан түскен соң он шақты әйел маған қарай жүрді. Сапарымның мақсатын айтты. Шешемді сұрадым. Олар анашыма бірден көрінуім керектігін айтты. Жүрегі ауырды өкөң. «Өліп кетуі мүмкін» деді. Маңайдағы барақ ішіне кіріп тұрдым. Бағана Әйелдер қораға қой қамап жүрген әйелді көрсетіп «Мамаң сол» деген. Сол Әйел бермен қарай келе жатты. Түрін адам танып болмайды. Баяғы бонып, сыланып жүретін кербез келінішке мүлде ұқсамайды. Әкемінің жанында жарқырап жүретін еді-ау... Азып кетті. Үстінде тозығы жеткен ақ фуфайка. Ақшыл шалбар. Басында құлақшын. Ағында кері етік. Қолында таық. – Жаңа ақ шәлісі бар әйел түсті ғой. Ол кімі? – деді топ әйелге. – Дәрігер әйел ғой, – деп жатыр. – Ол қайда кетті? – Шыдап алмадым. – Мама, мен ғой. Мен келдім, – деп атып шықтым.

Дауысымыз өстіген бойда өсінен айырлып талды да қалды. Екі сағаттай өсің жия алмады. Әйелдер жағдайын біледі өкөң. Су бүркіді. Дәрі иісетті. Өз-өзіне келгеннен кейін өлі де сөнбейді. «Шын келдің бе?» дейді. «Мама, көріп тұрсың ғой. Келдім». Ол уақытта шашым ұзын еді. Тілерсегіме дейін түсетін. Қос бұрымымыз ұстап «Сенің шашың бала, мынау?» деп таңырқайды. «Түсімде баяғы құлышқа қалпын» деп мәннен көз алмады. Ұйқы жоқ. Таң атқанша көз ілмеді. Әукең, Мереке... бәрін-бәрін сұрады: «Папаның хабар бар ма?» дейді. Жанымыздағы әйелдер де ұйықтамады. Қара көке береді өкөң. Соны ешқайсысы ауыз тимей маған ұсынды. «Сен қонақсың» дейді. Мұндайда тамақ бата ма? Өңгімеден аңғардым. Лагерде үш мыңдай әйел бар өкөң. Шешемнің қасында табыны күрөктей бір ай болтады. Қойды бірге жылыс жүрдік. Уақыт бар. Өткен-кеткенді еске түсіреміз. Көбіне өкөң жайлы әңгіме қозғалады. Әкемінің мінезі ауыр-тұн. Жарқылдап жүргені көрген емесің. Әлі өсімде. 1936 жыл бөлі болу керек. Үйге орнысты өкі жазушысы Воеводол Иванов пен Иван Шухов қонаққа келді. Сәкен, Ілияс, Елубай ағалар, басқа да кісілер бар. Қайтатын кез болу керек. Бәрі шат-шадыман биілеп жүр. Байқаймын тек менің өкөң билемейді. Диванда шашын ширатып отыр. Шашын қолымен осылай бұйралап отыру әдеті еді. – Ой, маңғары-ай. Еркек болып дауыс көтерген емес. Жұрттың еркектері айқайлап, тіпті боқтап, балағаттап жатады ғой. Мұның бірде біреуі онда жоқ еді, – дейді шешем көзің қайта-қайта сұртіп.

Есіме бір өкіға түсіп кетті. Маман бағара кеткен. Бір уақытта сырттан ашуланып келді. Жұмыс кабинетінде отырған папам тиісіп жатыр. – Сонда папам неге көп сөйледің, дауысың қатты шықты ғой, – дедім. Соғым іздеп базарға барғаным. Сәкен де жүр өкөң. Жүрісімің жайын сұрады. «Согымды еркек іздемей өкөң ме? Бейімбет болса үйден шықпайды» деді. Осы сөзге шамданған болуым керек. Өкөң маған қарсы бірден айта ма десем «Келгенің қандай жақсы болды. Бір шайлау әйелдің бейнесін шығара алмай отыр өдім. Құтқардың» деп ары қарай жаза берді ғой, – деп шешем тағы көзіне жас алды. Отбасында бес бала болдық қой. Әкем ешқайсымызды да ренжітпейтін. Тек «Айналайындар», «қалқам» деген жылы сөз шығатын аузынан. Гүлжамал шешей 1945 жылдың аяқ кезінде лагерден босанып шығарды. Бұл кезде Рәзия шахтада жұмыс істейтін жанаарқалық жігіт Әбілқасымға тұрмысқа шыққан-тын Гүлжамал осы отбасымен бірге тіршілік етіп 1974 жылы дүние салды. Рәзиямен шаңырақ көтерген Әбілқасым ағаға да тіршілік ету оңай соқпапты. «Халық жауының» қызының күйеуі деп талайлар көзге шұғыған. Бейімбет ақталған 1957 жылдан кейін жана сұмдаған сөз, түртпектеу тығылады. Рәзия апа зейнеткерлікке шыққанда дейін Жаңаарқаның теміржол саласында қарапайым қызметкер болып өкөң өтті. Мен соңғы рет жүздесіп осы өңгімене жазып алғанда ол кісі жетпіс үш жаста болатын. Күйеуі Әбілқасым өкіуі сегіз бала, жиырма төрт немере, үш шөбере сүйіп отыр өкөң. – Мен өкөмді көп іздедім, – деп өді өңгімесінің соңында Рәзия апа. Түсінікті, әрине. Ең болмаса басына барып, құран бағыштап тұратын қабірінің болмағаны да өкінішті ғой. Оның үстіне азылты, қасіретті күндерді бастан өткіріп жүрген шақта қай бала да өкөң аңсайтын, іздейтін рас. Ал Рәзияның өкөсі Бейімбет қазақтың Бейімбет Майлиннің халқы аңдаусызда айырылып қалған айрықша тұлға еді ғой. Оның орны өлі күнге ойсырап тұр.

Нурперзент ДОМБАЙ

«Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормалары, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 59-11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы №59-11 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7553/2020 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында:
1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:
«1) Жалағаш кенті, Т.Қыстаубаев көшесі бойындағы аумақ (1.Қабалов және С.Қалыбаев көшелерінің аралығы), шекті толу нормасы – 50 адам»;
1-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын
2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын
«2. Жалағаш кенті бойынша бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін журу бағыты:
С.Қалыбаев көшесінің бойымен Т.Қыстаубаев көшесі қиылысынан бастап Б.Сопбеков көшесі қиылысына дейін (шекті толу нормасы – 50 адам).

Бейбіт жиналыстарға қатысушылардың болжамды саны бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормаларынан асып кетпеуі тиіс»;
4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын
«4. Жаппай жерлеу орындарында, теміржол су, әуе және автомобиль келігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда, мемлекеттік қорғаныс қабілеті, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда, Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясына іргелес жатқан аумақтарда, қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалану арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда, магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда пикеттеуді өткізуге тыйым салынады.»
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын
«18. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары мынадай болып айқындалсын:
1) жаппай жерлеу орындарына іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
2) теміржол су, әуе және автомобиль келігі объектілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
3) мемлекеттік қорғаныс қабілеті, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
4) магистральдық теміржол желілеріне, магистральдық құбыржолдарға, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр.»
2. Осы шешім үнін алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
----------	----------

ПРОЕКТ

О внесении изменений в решение Жалагашского районного маслихата от 24 июня 2020 года № 59-11 «Об определении специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, порядка их использования и норм их предельной заполняемости, требований к материально-техническому и организационному обеспечению специализированных мест, а также границ прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования»

Жалагашский районный маслихат **РЕШИЛ**:
1. Внести в решение Жалагашского районного маслихата от 24 июня 2020 года № 59-11 «Об определении специализированных мест для организации и проведения мирных собраний, порядка их использования и норм их предельной заполняемости, требований к материально-техническому и организационному обеспечению специализированных мест, а также границ прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 7553) следующие изменения:
в приложении к указанному решению:
подпункт 1)

Қазанат

Қазақ даласының тұлпарлары

«Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» демекші, қазақ тарихында ел қорғаған атақты батырлармен бірге олардың сәйгүліктердің есімі эпостарда, тарихи жырларда, ел аузында және жер атауларында жиі кездеседі. Атап айтар болсақ, Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы, Қабанбайдың Құбасы, Бөгенбайдың Қызыл аты, Ақанның Құлагері, Тілеулі батырдың Кезқұлағы, Бармақ батырдың Сандалкөгі, Исатайдың Ақтабаны, Амангелді батырдың Шалқасқасы, Кейкі мергеннің Кераты, Қарабектің Қарасы, Қамыстың Шұбары, Ерқосайдың Торысы, Сегіз серінің Бозжорғасы. Бұл тізімді өрмен қарай жалғастыра берсең, ерекше қасиетке ие сәйгүліктер қатары жетерлік. Алайда біздің мақсатымыз – қазақ ұмытпайтын сәйгүліктерді атап өту емес, оларға жеке тоқталып, оқырманға таныстырып өту...

Дубайды дүбірлеткен Қабірхан

Сәйгүліктер жайлы сөз қозғағандықтан бүгінде әлеметтік желіде әлем ат спорты жанкүйерлерін таңдай қақтырған тұлпар Қабірхан туралы бастайын. Тұлпарымыз Дубайдағы Мейдан ипподромында 11 қарсыласын шаң қаптырып, Аль Мактум чөллендінің алғашқы топтық жарысында мәреге жеке дара жетті. Сондай-ақ қазақстандық тұлпар жыл басында Араб Әмірліктерінде өткен гандикап жарысында да бас жүлдені иеленген болатын.

Атышулы жарысқа әлемнің үздік аргымақтары қатысқан Қабірханның иесі Тілек Мұқанбетқалиев аттын жайымен бала күнінен жақсы таныс. Әсіресе соңғы 5 жылға жуық уақыт аргымақ баптаудың қыр-сырын терең меңгеріп алған. Сәйгүлік 9 рет үлкен жарысқа қатысып, соның сегізінде мәреге бірінші келген.

– Қабірханның олжасы – Қазақ елінің жеңісі. Алла жазса, «Дубай кубогы» ойындарының финалына қатысамыз. Қабірханның өкесі 2016 жылы Дубай кубогын ұтқан болатын. Сол жеңісті жалғастырады деп сенемін. Қазақ елі, алға, – дейді атбегі Тілек Мұқанбетқалиев.

Жүйрік бұған дейін екі жыл қатарынан Қазақстан мен Ресейде өткен беделді ат бәйгелеріне қатысқан Таза ағылшын тұқымды, төрт жастағы жануардың қазіргі бапкері – Дуг Ватсон. 30 жылдан бері сәйгүліктерді баптауын кәсіби маман Қабірханның әлі талай жеңіс әкелеріне сенімді.

– 30 наурыз күні болатын басты ат шабасына Қабірханды жақсылап дайындаудамыз. Одан бұрын да өтетін жарыстарға қатыса алады. Бірақ біз бірінші кезекте жарысты емес, жылқының күйіне, дайындығына мән береміз, – дейді атбегі Дуг Ватсон.

Айта кетейік, «Dubai World Cup» – 27 жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан беделді, дәстүрлі жарыс. Ұшқыр аттарға қойылатын талап өте жоғары, жүлде де қомақты. Бас бәйге 12 млн АҚШ доллары тігілген. Оған таңдаулы 16 аргымақ қатыспақ.

Қобыландының Тайбурылы

Қарақышпақ Қобыландының Тайбурылы талай аңыз әңгімелерге арқау болып, біздің заманымызға дейін жетті. Қобыланды батыр XIV-XV ғасырларда өмір сүрген.

Тайбурыл көк ала биенің жатырында жатқан уақытында ат сыншылары оның ер қанаты – аргымақ боларын болжаған-мыс. Өкесі Қобыландыға: «Жылқы ішінде көк ала бие бар. Сол бие көк бурыл құлын туады, жансерік атың сол болады» деген екен.

Тайбурылды тумай тұрып таныған ат сыншыларының қасиеті де ерекше болатын. Қобыландының жары Құртқа Тайбурылдың құлын кезінен баққан деседі. Ол құлынды өнесінен ажырата салысымен, оған қырық күн бір рет қана құлындаған бие – құлықтың, қырық күн тумай қалған қысырдың сүтін берген. Екі өнені тел емгеннен болар, Тайбурылдың күші мығым, бұлшық еті сом болып қалыптасады. Тоқсан күнге толғаннан кейін оған жемге қосып түрлі аурулардың алдын алатын дәрілік шөптер де берілген.

Тайбурылды құлын кезінен бастап арнайы тігпеген киіз үйде баққан. Оған таңерттен және кешқұрым екі рет түндікті ашып, атқан күннің арнайы сәулесі мән батқан күннің қызыл шапағын әдейі түсіріп отырған екен. Судың өзін өбден қақталып кетпелірген қайтаран жасалған түтікпен берітті. Тайбурылды осылай баптап,

тек қараңғы үйде ұстайды. Тайбурыл алты айға толғаннан кейін далаға алғаш рет шығарылғанда жарыққа көздері жанып, аспанға шапшыған делінеді аңыздарда.

Оның жүйріктігі туралы «Қобыланды батыр» жырында: «Көл жағалай отырған көкқұтан мен қарабай көтеріліп ұшқанда, белінен кесе басады» делінеді. Батырдың жаны қысылған сәттерде оның қанаты болған Тайбурылға тіл бітіп, адамша сөйлеп, иесіне ақыл-кеңес береді, сырласына айналады-мыс. Талай кескілескен соғыстардан батырды аман алып шығады.

Батырдың ақылды жары Құртқа Тайбурылды өзі баптап-күтіп, Қобыланды Қазан сапарына аттанарда ғана оған әкеліп береді. Тайбурылды суреттегенде халықтың қиялаға ерік беруіне оның біріншіден Қобыландыдай ірі батырдың аты болуы болса, екіншіден оны Құртқадай дана арудың баптап өсіруінен. Сондықтан болар, қазақтай Тайбурылдың шабасы деген жырдан үзіп алынған мадақ жыр ерекше сипат пен өсіреулерге ие.

Қанатты тұлпар Ардақүрең

Қазіргі Ақтөбе аумағында Құламан атты батыр өткен өмірден. Батырдың алдынан ешкімнің де кесе көлденең өтуге батылы бармайды екен. Бірде Құламан батыр аңшылық құрып кеткен уақытта оның ауылына іргедегі Қызылқала бекінісінен бес жауынгер келіп, ауыл адамдарын соққыға жығып, ойларына келгенін жасайды. Ол аздай, малдарын тартып өкетеді. Оныс да ауыл сыртындағы бекініске сыртынан кіжініп, ұрынарга себеп таппай жүрген Құламан батыр аңнан келе салысымен суыт хабарды естіп, сенімді серігі Ардақүреңге секіріп мінеді. Сөйтсе де жалғыз өзі жау бекінісіне шауып кетеді. Осылайша әскерилерді жолда қуып жетіп, өкеші қылыштап өлтіреді. Ал қапандары бас сауғалап қашып, бекініске кіріп үлгермеді. Әбден қаны қарайып, ашуы басына шапқан Құламан батыр Ардақүреңге қамшыны басып-басып жібергенде, жалы алтын, тұяғы болат сәйгүлік жарықтық аспанға шапшып секіріп, қамалдың ішкі бетіне төрт тағандап дік өте қалады. Батырдан мұндай жүректілік пен батылдықты күтпеген бекініс ішіндегілер әп-сәтте абдырап, қаруларын да алып үлгермейді. Бекініс ішінде Ардақүреңмен онды-солды шауып, қарсы келгендерді қылыштап өте шығады. Сөйтсе де бекіністің өбден ойранны шығарғаннан кейін қақпадан сол күйі қайта қарғып шығып, ауылына қарай айғыз жөнеледі. Жауының ауылының берекесін қашыратынын білген батыр кейін елін соңынан ертіп, Сарыарқа жаққа қоныс аударып кеткен екен.

Ал Ардақүрең қақпадан қайта қарғыған уақытта оның болат тұяғы қамалдың шетіне тиіп, бір кірпішін құлатып түсірген дейді. Ол жерді қамал бастығы кейін Ресейден келген әскерилерге көрсетіп, «мынау қазақ батырының атының тұяғы тиген жер» деп аңыз қылып айтады екен. Ал олар болса, бұл аттың қанаты болмаса, ол мынадай биік қамалдан қалай секіріп кетті деп таң-тамаша қалады. Ардақүреңнің артында осындай аңыз қалды.

Ақылды Көркекіл

Туған жерін адам ғана емес, ат та қимайды. Аттың жазығы мал болғандығында демесең, оның ақылы адамнан артық. Бұған алыстағы Ташкент қаласынан туған өлкесі Қарқараға екі қайтара қайтып келген ақылды ат Көркекіл дәлел бола

Тарихшылар Бөгенбайдың Нарқызылды Абылайға мінгізген кезін шамамен 1722 жыл деседі. Себебі қазақтың үш жүзінң игі жақсыларының Қарақұмда бас қосып, жоңғарға қарсы әскер жасақтауы 1723 жыл делінеді. Нарқызыл жөй ат емес, тұлпар болған. Абылайдың «Абылайлап» аттандауы кезінде оның астында осы сенімді серігі Нарқызыл болған.

Сабалақ атақ алып «Абылайлап», Барша қол «Абылайлап» айтай салды. Көк те «Абылай», жер де «Абылай» Бәрі «Абылай», «Абылайлап» айтай салды бір жан қалмай,



алады. Көркекіл – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыста ерлігімен кезге түскен қазақ батырларының бірі, Алатаудың баурайын жайлаған Жәмеңке есімді ердің сенімді серігі болған. Жәмеңке батырдың Қыдырке есімді қыргыз досы болыпты. Ол бір күні досына қонақ болып келіп, оның жайлауында бір айға жуық уақыт болады. Кетерінде бұйымтайға жүйрік аты Керекілді сұрап қолқа салады. Досының көңілін қимаған Жәмеңке атты досына жетектетеді. Алайда бір апта уақыт өтпей жатып Керекіл бас жиіні үзіп, елге қайтып оралады. Оны көрген Жәмеңке атына қарап көңілі босаса да, достықты жоғары бағалап, хабар беріп Қыдыркеңнің шабармандарына атты қайта беріп жібереді. Бірақ бір ай өтпесе, Керекіл елге қайта қашып келеді. Ташкент пен Қарқараның аралы мың шақырымнан асады екен. Ақылды жануар адам көзіне түспей ері ит-құсқа жем болмау үшін күндіз тығылып, түнде жортып отырған екен.

Аттың ақылдылығына таң қалған Қыдырке Керекіл екінші мәрте қашып кеткеннен кейін оның иесіне сөлемдеме жолдайды: «Жәмеңке, атыңды екі қайтара бердің, жануардың тілі жоқ демесең, ақылы адамнан артық екен. Туған жерінде қалсын» дейді ол досына жеткізген хабарында.

Ескі нанымдарға сенсек, жат жерге барғаннан кейін де аттың көз алдынан туған жердің бейнесі кетпейді екен. Оны ұмыттыру үшін атты айнаға қаратып, кірпігін жұлады-мыс.

Абылайдың Нарқызылы, Алшайызы және Құлаша аты

Нарқызыл – Бөгенбай батырдың Абылайға сыйға тартқан сәйгүлігі. Жылқының тұлпары Нарқызылға ие болғанда Абылай ол бес жаста екен. «Жазытырым үш жүз болып жиналамын, сол жынға керекті жан екенсің. Шырағым, таза сақта Нарқызылды, Есіңе ал кек алатын келер жылды» дейді қарт Бөгенбай көздері от шашқан текті ұлға Нарқызылды кесекөлднен тартып тұрып.

Тарихшылар Бөгенбайдың Нарқызылды Абылайға мінгізген кезін шамамен 1722 жыл деседі. Себебі қазақтың үш жүзінң игі жақсыларының Қарақұмда бас қосып, жоңғарға қарсы әскер жасақтауы 1723 жыл делінеді. Нарқызыл жөй ат емес, тұлпар болған. Абылайдың «Абылайлап» аттандауы кезінде оның астында осы сенімді серігі Нарқызыл болған.

Сабалақ атақ алып «Абылайлап», Барша қол «Абылайлап» айтай салды. Көк те «Абылай», жер де «Абылай» Бәрі «Абылай», «Абылайлап» айтай салды бір жан қалмай,

Нарқызылмен жөнелді қарсы алдына, Ақ туды желбіретіп салып айғай, – деп келеді жыр жолдарында бұл туралы.

Нарқызыл – Абылайдың ең алғашқы жорыққа мінген аты. Оның сондай-ақ, аңызға айналған ұрысқа мінетін Құлаша және әскердің алдына салтанатты түрде шыққанда мінетін Алшанбоз аттары болған.

Қаракерей Қабанбайдың сенімді серігі болған Құбас аруақты тұлпар болған. Бүгінде оның атымен байланысты жер-су атаулары да көп ел ішінде. Қабанбай батырдың салмағына барлық мінсіз аттары шайдай алмайды екен. Сондықтан майдан даласында қол бастаған жау шебінен бұзыл-жарып жүретін Қабанбай батырға лайықты ат іздеп, шабармандары күлі қазақ даласына сауға айтты. Мұны естіген Қабанбайдың нағашысы атақты би Боранбай оны өз еліне шақыртады. Сөйтіп, өзі өртіп барып Ұланбай мен Бұланбайдың мыңғырған жылқысының ішінен арда емген Құбасты тандап береді. Биіктігі нардай, кеуделі, кесек жылқы Қабанбайға бірден ұнайды. Оны көрген жұрт та таң қалсады. Оның Құбас атанының сыры, жүйріктігінің белгісі – басында бір қырым ет жоқ екен.

Қабанбай батыр Құбасты жорыққа ғана мінбеген оны бәйгеге де қосқан екен. Бірде қазіргі Семейдің аумағында үш жүздің игі жақсылары жиналып, тұлпарларын сыңға түсіреді. Батырдың Құбасы екі жүз шақырым қашықтықтан жалғыз өзі дара келеді. Тұлпарының шабасына көңілі толған батырдың сол уақытта айтқан «Мінгенім менің Құбасты, Құбастай жылқы тұмасты» деген сөзі ел арасына тарап, аңызға айналып кеткен.

Құбас Қабанбайға қырық жылға жуық уақыт серік болады. Оның киелілігі сондай, жар астындағы жауды күншілік жерден сезетін қасиеті болған. Құбас жаудың келе жатқанын «кісінеп», «елендеп» білдіріп отырған.

Құбас өбден қартайған шағында оны батыр аманат етіп би Боранбайға өкеледі. Содан бір күні Құбас орнынан көтеріле алмай қалыпты. Мұны естіген би: «Ел үшін туған өрен ердің астында ұзақ жыл серік болған аруақты тұлпар ғой, қалың жылқыны «Қабанбайлап!» ұран салып, қи-қулап қасынан айдап өткендер. Айғайға елігіп, тұрып көтер», – депті. Жылқышылар оның айтқанын екі өтпей, Құбастың жанынан үйірді дүркіретіп, өздері «Қабанбайлап» шауып өтеді. Қанша дегенмен, тектілігі бір бөлек, көрі тұлпар дүбірге елігіп, орынан ұшып түреліп, топқа ілесіп шаба жөнеледі. Алайда, Жағалбайлы тауының биік асуына шыға

барғанда, сол жерге жата кетіп, жантәсілім өтеді. Құбастың сүйегін қадірлеп Жағалбайлы асуының ең биік нүктесіне қойғызады. Кейін бұл жерді жергілікті жұрт Құбас ат кезеңі деп атап кетеді. Бұл жерге Қабанбай батырдың серігінің құрметіне ескерткіш те қойылған.

Сағатына елу шақырымға шапқан Ақбозат

Тарихи әңгімелердің бірінде хан тұқымынан шыққан Әбілқайырдың үйленер кезінде қалыңмалға дәулеттілік жетпегендігі айтылады. Болайды аларда оның өкесі Әбілқайырға шарт қояды.

«90 алаяқ торы құр ат, 60 қараяқ көк ат әкелсең қызымды беремін» дейді ол. Ежелгі кезеңдегі тарихи әңгімелердің желісіне мән беріп қарар болсаңыз, қазақтың құдалық жоралғыларында төрт түліктің түсіне аса мән берілгендігі аңғарылады. Мұнда малды бір ай ішінде қайдан табуымен деген Әбілқайырдың салы суға кесте. Ол мұнысымен ежелгі досы Жәнібекпен бәліседі. Жәнібек сөзге келмесең Әбілқайырдың алдына өзі айтқан малды тосады. Сөйтіп құдалыққа Болайдың ауылына өзі де барады.

Ақбоз ат Әбілқайыр ханның жорыққа мінетін аты болған. Аттың жүйріктігі мен мықтылығына ресейліктер мен шетелдік саяхатшылар да таң қалып, таңдай қаққан. 1736 жылы Әбілқайыр ордасында қонақта болған ағылшындық Джон Костл Әбілқайырдың Ақбоз атының сағатына 50 шақырым жүретінін аңыз қылып жазып кеткен. Және Әбілқайырдың сәйгүліктерінің жүйріктігін тау ешкілерінің жүйріктігімен ғана салыстыруға болады деп жазады. Ағылшындық саяхатшының өзіне адалдығына тәнті болған және өзін сәйгүліктеріне қызықтанып аңғарған қазақ ханы оған сәйгүлікті сыйға тартады. Бірақ жол үстінде қарақшының қолына түскен сәйгүлік хан ордасын жазбай тауып қайтып оралады. Ханның қанатты пырағы болған Ақбоз ат туралы да халық жылқыларында айтылады.

Райымбек батырдың Көкөйнағы

Райымбек батырдың жорық аты Көкөйнақ туралы да ел ішінде дерек көп. Оның Райымбек батырдың қолына қалай түскендігі туралы тарихи әңгімелерде былай деп баяндалады. Райымбектің нағашы жұрты атақты Қаракерей Қабанбайдың жұрты екен. Нағашыларына қонаққа барған бала Райымбек нағашысының мыңғырған үйір жылқысын қарап тұрып, ішінен арық көк құлынға кезі түседі. Нағашысы болса, «Ойпырмай, бес мың жылқының ішінен таң-

дағанын осы ма? Бұған несіңе қызықтың, жүз жылқы айдап кетсең де болар еді ғой» дейді. Сонда бала болса да, дана Райымбек: «Көк құлын жатқан өнесінің үстінен өрсілі-қарсылы қарғып жүрді, желіде тұрғанда шіліңгір ыстықта басқа құлындардай жерде илеңіп жатқан жоқ, үнемі тікесінен тік тұрады, үйірде жүргенде бір жерде тұрмайды, ойында екен, атын Көкөйнақ десе де болғандай» дейді. Жиенінің аңғарымпаздығына риза болған нағашысы оған батысын беріп, Көкөйнақты жетектесіп жіберген екен.

Ат сұлуы Ақтабан

Исатайдың Ақтабанын сіре, білмейтін қазақ жоқ шығар. Исатайдың жорықтарында жанында адал серігі болған Ақтабан иесін қарша бораған оқтың арасынан талай мәрте алып шыққан. Әсіресе, Махамбеттің жырларында Исатайдың ерлігі дәріптелгенде Ақтабанның да аты аталады.

Ақтабан өте сұлу ат болған деседі. Оның аяқтары тобығынан төмен қарай тұяғы мен табанына дейін ақ түсті болатын. Ақтабанның негізгі тегі қалмақ жылқысынан таралады екен. Исатайдың Ақтабаннан да өзге аттары болған. Оны Таңбай атбегінің Исатайға айтқанына да білуге болады: «Ақтабанды жауға мін. Күрденді сүренге мін, ал Торытөбелді аңға мін» дейді оған кеңес берген атбегі. Исатай өз аттарын күтіп-баптауды осы атбегі Таңбайға ғана сөніп тапсырады екен. Исатайдың Ақтабан, Күрең, Торытөбел деген аттарын Таңбайдың үш баласы бөлек күткен екен. Ақтабанды үлкен ұлы Мұсағай баптады.

Кенесарының аты Ақтаңгер

Кенесары ханның әскерін жорық аттарымен жабдықтау Шубыртпалы Ағыбай батырға тапсырылған екен. Ағыбай батыр асылтұқымды ат іздеп, бірнеше мәрте Бұқарға, Хиуаға, Кіші жүз еліне барды. Ол жорық аттарын кейде сатып, кейде барымталап әкеліп тұрған. Сондай-ақ, Кенесары батырға Сарыарқаның атақты байлары да мінс аттарын жіберіп отырған. Алайда, олардың саны көп болғанымен, ішінде ереуіл аттар аз болатын. Батырдың денесінің зор болғандығы соншалық, ол атқа мінгенде, астындағы аты кішігірім есектей болып қана көрінеді екен. Батырға лайықты ат болған Ақтаңгер ат болатын. Ол туралы Батырды суреттеуде «Екпіні тау селіндей сарқыраған, қас дұшпан ұрейі ұшып қалтыраған. Қолында шолпақ найза қол бастайды, астында Ақтаңгер ат арқыраған» деп келеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 164